

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2018 жылғы 20 қыркүйектегі
№ 469 бұйрығына 103 - қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2013 жылғы 3 сәуірдегі
№ 115 бұйрығына 543 - қосымша

Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған
сыныптары үшін «Кәсіп» пәнінен жаңартылған мазмұндағы
үлгілік оқу бағдарламасы

1 - тарау. Жалпы ережелер

1. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған 5-9 сыныптары үшін «Кәсіп» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы б) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Оқу пәнінің басты мақсаты – білім алушыларды өндірістік және шаруашылық-тұрмыстық еңбектің қарапайым дағдыларына үйрету, сондай-ақ оларда еңбек ұжымындағы қарым-қатынастың қоғамда қабылданған нормалары мен ережелерін қалыптастыру.

3. Еңбекке баулу мақсаттарына қарай басты назар аударылуға тиісті міндеттер:

1) қарапайым еңбек икемділіктері мен дағдыларына үйрету, өндірістік еңбектің қолдан келерлік түріне дайындау;

2) еңбек әрекеттеріне деген жағымды уәждемені қалыптастыру;

3) орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың еңбектенуге деген жігер, ұжымда жұмыс істей білу қабілеті сияқты жеке тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру;

4) орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды әлеуметтік бейімдеудің сөзсіз шарты болып табылатын сөйлеу тілінің қарым-қатынастық функциясын дамыту.

2 - тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

4. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды еңбекке баулу «Кәсіп» пәні бойынша оқу-тәрбиелеу процесін ұйымдастыруда маңызды болатын келесі қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады:

- 1) барлық оқытудың тәжірибелік бағдары;
- 2) түзете-дамыта оқыту;
- 3) оқу процесі құрылысының біртұтастығы;
- 4) оқу материалының қолжетімділігі;
- 5) оқытудағы жекеше тәсіл;
- 6) көрнекілік және заттармен тікелей әрекет жасау.

5. Бағдарламаны әзірлеуге саралау және іс-әрекеттік тәсілдер негіз болған:

1) саралау тәсілі білім алушылардың білім беру мазмұнын меңгеру мүмкіндіктерінің әртекті болуынан байқалатын білім алуудағы ерекше қажеттіліктерін ескеруді білдіреді. Бағдарламаны құруда саралау тәсілін қолдану орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға дамудың жеке мүмкіндіктерін жүзеге асыру мүмкіндігін ұсына отырып, сан алуан түрлі мазмұнмен қамтамасыз етеді;

2) іс-әрекеттік тәсіл орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың тұлғалық дамуының ерекшелігін есепке ала отырып, білім берудің негізгі заңдылықтары мен құрылымын ашып көрсететін психологиялық ғылымның теориялық ережелеріне негізделеді. Білім берудегі іс-әрекеттік тәсіл мектеп жасындағы орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың тұлғалық дамуы олар үшін қолжетімді әрекетті (заттық-тәжірибелік және оқу) ұйымдастыру түрімен анықталатынын тануға сәйкес құрылады. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың білім беру мазмұнын меңгеруін қамтамасыз ететін олардың танымдық және заттық-тәжірибелік әрекеттерін ұйымдастыру процесі ретіндегі оқыту білім берудегі іс-әрекеттік тәсілді жүзеге асырудың негізгі құралы болып табылады.

6. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды еңбекке үйретудің ерекшелігіне білім алушыларда жалпы еңбектік икемділіктерді – тапсырмада бағдарлау, жұмыс барысын жоспарлау, оның орындалуын бақылауды дамытуға арналған ерекше жағдай тудыру жатады.

7. «Кәсіп» пәні бойынша сабақтар әрекеттердің әр түрлі түрлерін кеңінен пайдалану мүмкіндігімен қамтамасыз етудің кешенді негізінде құрылады. Мұғалім оқу процесінде қарапайым еңбек дағдыларын кеңейтуге, қайталауға және бекітуге көмектесетін ойын (жағдаяттық-рөлдік, дидактикалық, қойылымдық, шапшаң қимылды ойындар), қарапайым, еңбектік, құрастыру, бейнелеу (илеу, сурет салу, жапсырмақұрақ) әрекеттердің әр түрлі түрлерін пайдалана алады.

8. Бағдарламалық-тәжірибелік материал білім алушылардың жас және психофизикалық ерекшеліктерін есепке ала отырып таңдалған. Материал

күрделілік, мәліметтер және дербестік көлемінің біртіндеп өсу қағидасы бойынша орналасқан.

9. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды еңбекке баулу процесінде келесі әдіс-тәсілдер пайдаланылады:

- 1) білім алушылар мен ересектердің бірлесіп әрекеттенуі;
- 2) мұғалімнің әрекеттеріне еліктеу бойынша әрекеттену;
- 3) үлгі бойынша, сөздік нұсқау бойынша әрекеттену;
- 4) заттардың пішіні, шамасы және саны туралы түсініктерді бекітуге арналған қимаулігі, трафарет бойымен жүргізу, үстіне салу және қатар қою тәсілдері;

5) заттармен есту, жанасу және көру арқылы қабылдау негізінде әрекеттену;

6) қоршаған болмыстағы, ойын жағдайындағы, суреттердегі заттардың пішінін, шамасын, санын алдын ала қарау, өздігінен атау, педагогтың сөздік нұсқауы бойынша көрсету;

7) табиғи заттарды олардың көлемді және жазық бейнелерімен салыстыру;

8) заттарды өмірде дәл пайдалану үшін олармен ойнау, олардың атқарымдық қолданыстарын, қасиеттері мен сапасын анықтау.

10. «Кәсіп» оқу пәнінің мазмұны білім алушылардың психофизикалық мүмкіндіктеріне сәйкес ауыстыруға және толықтыруға, күрделендіруге және қысқартуға болатын еңбектің түрлерін де қамтиды.

11. Орташа ақыл-ой кемістігі бар әрбір білім алушының оқу материалын меңгеру мен дамудың жеке қарқыны мен көлеміне деген құқығын жүзеге асыру мақсатында, Бағдарламадағы оқу материалы бірізділікпен, біртіндеп күрделенетін оқу материалының мөлшері (білім беру кезеңдері) түрінде берілген.

12. Еңбектің әрбір түрі бойынша Бағдарлама 2-3 кезеңнен құралады. Оқытудың әрбір кезеңі өткен кезең түсініктерін негізге алады және оған қарағанда күрделі және көлемді материалды қамтиды.

13. Еңбектің әрбір түрін және әрбір білім беру кезеңін меңгеруге бөлінетін сағат санын мұғалім өздігінен анықтайды. Оқу материалын табысты меңгеру жаңа тақырыпты, келесі білім беру кезеңін оқуға көшу туралы шешімді қабылдау үшін негіз болады.

14. Педагог білім алушыға түсінуге қолжетімді оқу материалын ұсынуға міндетті, бұл сабақта саралау және жекеленген тәсілдерді қолдану қажеттілігін білдіреді. Бұл білім алушылардың бар тәжірибелерін олардың еңбектік икемділік пен дағдыларын жетілдіру, жаңаларын қалыптастыру үшін негіз ретінде пайдалануға мүмкіндік береді.

15. Дербестікке қол жеткізу кезең-кезеңмен жүреді. Білім алушылар бірінші кезеңде тапсырманы көрсету бойынша орындайды, педагог тапсырманы түсіндіре отырып, жұмыстың барлық орындалу процесін көрсетеді. Күрделі тапсырмаларды орындаған кезде еңбек процесінің жеке

амалдары көрсетіледі және түсіндіріледі. Содан кейін топта талқыланады, яғни білім алушылар түсініктемені қайталайды және жұмыс жоспарын белгілейді. Педагог бұл жерде кеңес немесе әрекет түріндегі қажетті көмек көрсетеді.

16. Осындай тапсырмаларды меңгергеннен кейін, келесі кезеңге – тапсырмада бағдарлауға көшеді. Педагог күрделі еңбек амалдарын, әрекеттерін және тәсілдерін ғана көрсетеді. Топта жұмыс талқыланады, қайталаанады және жоспарланады.

17. Үшінші кезеңде тапсырма педагогтың толық түсініктемесімен немесе бақылауымен немесе орындауда қиындық туындағын кездегі кеңес немесе әрекет түріндегі көмегімен ғана қалыптасады. Бұл әрі қарай орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға тән болатын еңбектегі дербессіздіктің (шарасыздықтың) алдын алуға мүмкіндік береді.

1

Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың еңбек дағдылары мен икемділіктерін меңгеру динамикасының өте төмен. Сондықтан Бағдарлама оқылатын мазмұн көлемін кеңейту және оның күрделілік деңгейін арттыру жұмысы өте баяу жүретіндей етіп құрылған. Оқытылатын материал барлық оқу жылы бойы орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың өмірінде бақылауы, зерделеуі, оқыту мен тәрбиелеудің жеке міндеттерімен салыстырылғандағы ауызша жауаптары оларды бағалау әрекеттері болып табылады.

20. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың оқудағы жетістіктерін бағалағанда еңбектің әрбір түрі бойынша сипаттамалық критериалды бағалау пайдаланылады.

21. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың жетістіктерін бағалау шаралары келесі бірізділікпен жүреді:

1) білім алушылардың даму, білім мен дағдылар деңгейін алдын ала бағалау. Оқытудың жеке бағдарламасын құру үшін қажетті білім алушының даму бейінін құру;

2) білім алушының жетістіктері мен дамуын ағымдағы бағалау білім алушының сабақтағы жұмыстарын күнделікті бақылау негізінде жүзеге асырылады, ол мұғалімнің жұмыс жоспарында тіркеледі;

3) аралық бағалау тақырыпты, бөлімді оқыту, тоқсан аяқталғаннан кейін және бірінші жартыжылдық соңында жүзеге асырылады;

4) жетістіктерді қорытынды бағалау оқу жылы соңында жүргізіледі.

3 - тарау. «Кәсіп» оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

22. «Кәсіп» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 5-сыныпта аптасына – 5 сағат, оқу жылында 170 сағат;

2) 6-сыныпта аптасына – 8 сағат, оқу жылында 272 сағат;

3) 7-сыныпта аптасына – 8 сағат, оқу жылында 272 сағат;

4) 8-сыныпта аптасына – 8 сағат, оқу жылында 272 сағатт;

5) 9-сыныпта аптасына – 10 сағат, оқу жылында 340 сағат.

23. Оқу пәнінің «Қағаз және қатырма қағазбен жұмыс» тақырыбы бойынша негізгі мазмұны:

1) 1 – кезең:

тәжірибе жұмыстары. Бөліммен танысу. Қағаздың түрлері мен сұрыптарымен танысу. Қағаздың әр түрлі сұрыптарының қасиеттері. Қағазды бүктеу және жырту (бүгу сызығы бойынша, бөліп-бөліп жырту). Қағазды бүктеудің қарапайым тәсілдері. Түзу, қисық сызықтар бойымен, дөңгелете, жолақтарға, қимаулігілердің көмегімен берілген ұзындық бойынша кесуге үйрету. Қарапайым жазық және көлемді бұйымдарды жасау;

техникалық мәліметтер және жұмыс тәсілдері. «Әр заттың өз орны бар» ережесі. Материалдар және құралдар. Үшкір және өткір құралдармен жұмыстағы қауіпсіздік ережелері. Қағаздың, қатырмақағаздың түрлері мен қасиеттері туралы қарапайым мәліметтер. Желіммен жұмыстағы қауіпсіздік ережелері. Бұйымды жасаудағы жұмыстың бірізділігі. Шариктерді домалатып жасау үшін жұқа қағаздың қасиеттері. Түстік шешімді анықтау. Кітапшаның мұқабасына және ішкі парақтарына арналған қағаз сұрыптарының түрі. Қағазды кітапшаның көлеміне сәйкес бүктеу тәсілдері. Қағазды бір жағынан, көлденеңінен қаттап бүктеу тәсілдері. Оюларды құрастырғанда геометриялық пішіндерді пайдалану. Дайын бұйымды безендіру. Қағаз және қатырмақағаздан жасалған бұйым бөліктерін біріктірудің (желімдеу, тігу) технологиялық ерекшеліктері. Әшекейлеу жұмысына арналған жіптер. Шеті арқылы орындалатын қол тігістері (қиғаш, ілмекті). Бөліктерді қол тігісімен біріктіру. Тескішті пайдалану. Оригами – қағазды бүктеу өнері, негізгі тәсілдері: шаршы, батпырауық. Цилиндр, конусты жасау тәсілдерімен танысу. Екі қабаттап бүктелген қағаздан шашақ жасау немесе шеттері қайырылған шашақ жасау. Шамаластықты сақтау. Жұмысты дайын қимаулігілер бойынша орындау;

2) 2 - кезең:

тәжірибе жұмыстары. Қағаздан кәдесыйлар, көлемді ойыншықтарды, өрілген әшекейлерді және тұрмыста пайдалануға арналған сәндік бұйымдарды жасау;

техникалық мәліметтер және жұмыс тәсілдері. Материалдар және құралдар. Үшкір және өткір құралдармен жұмыстағы қауіпсіздік ережелері. Қағаз бетін оригами тәсілінде бүктеу. Белгіленген сызық бойынша бүктеу. Симметриялық кесу тәсілін бекіту. Қыспақтау – бөліктерді бүктеу алдында бүгу сызығын қайшының дөңес жағымен белгілеу. Дайын бұйымды әшекейлеу тәсілдері. Матаны қатырмақағазға жапсыру. Жануарлар пішінін жасаудағы газеттік дизайн. Қағаз жолақтарынан өру. Модульдерді қаттау және тізбекті жинастыру тәсілдері. Шахматтық тәртіп бойынша тігінен өру тәсілі. Шамаластық, түстік арақатынас, жұмысты орындаудың дәйектілігі туралы түсініктер. Таныс тәсілдерді пайдалану: дөңгелектерді кесіп алу, шетін шашақтау. Гүлдің ортасын әшекейлеу. Қағазды бұрау. Бір негізде алынған

бірнеше бөліктер (тарамданған бұтақ);

3) 3 - кезең:

тәжірибе жұмыстары. Шеңберді «изонить» техникасымен толтыру. Көлемді ойыншықтарды жасау. Оригами. Қағазды күрделі кескіндеменің қимаулығы бойынша бүктеу. Тұрмыстық заттарды жасау және безендіру;

техникалық мәліметтер және жұмыс тәсілдері. Материалдар және құралдар. Үшкір және өткір құралдармен жұмыстағы қауіпсіздік ережелері. Қағаз бетін оригами тәсілінде бүктеу. Бұйымның бөліктерін жылжыту тәсілімен біріктіру. Қатырмақағазда қимаулығы бойынша күрделі кескіндемені белгілеу. Қағаз бен қатырмақағазды белгілеу сызығы бойынша кесу. Бұйым бөліктерінің ішіндегі кесіктер және оларды біріктіру. Модульдерді жасау және оларды бір біріне салу арқылы жинастыру. Модульдерді композиция құрастыруда пайдалану. Тұрмыстық заттарды қалдық материалдармен (кәмпит қағаздары) безендіру. Жапсырмақұрақтағы түстік шешім және бөліктерінің орналасуы. Ұзын жолақтарды ширату және желімдеу. Көлемді пішіндерді алу. Көп бөлікті бұйымдарды жинастыру тәсілдері.

24. Оқу пәнінің «Моншақ және шытыра моншақпен жұмыс» тақырыбы бойынша негізгі мазмұны:

1) 1 - кезең:

тәжірибе жұмыстары. Материалдармен және құралдармен танысу. Ине сабақтау. Жіптің ұшын түю. Сипау арқылы моншақтардың пішіні мен шамасын анықтау. Түсі бірдей ірі моншақтарды бір жіпке тізу. Шамасы мен түсі әр түрлі бір жіпке тізілген моншақтарды өру. Көлемі орташа әр түрлі бір жіпке тізілген моншақтарды өру. Сымға тізілген шытыра моншақты өру;

техникалық мәліметтер және жұмыс тәсілдері. Үшкір және өткір құралдармен жұмыстағы қауіпсіздік ережелері. Шытыра моншақ және моншақтар туралы қарапайым түсініктер. Шытыра моншақтың қасиеттері (түрі, түсі, көлемі). Бұйымды жасаудағы жұмыстың бірізділігі. Түстік гамма, түстердің үйлесуі, көлемі, пішінінің (домалақ, сопақша, шаршы, пішінді) арақатынасы туралы түсінігі. Моншақты жіпке тізу, ұшын түю, бірінші және соңғы моншақты бекіту. Моншақты көлемі бойынша таңдау. Жіпті тарта отырып, иені кері бағытта кіргізу. Шытыра моншақты сымға тізу және бұрау. Бұйымды қабаттап жинастыру;

2) 2 - кезең:

тәжірибе жұмыстары. Бір жіптегі шытыра моншақтан өру. Екі моншақтан «сабақ» өру. Төрт шытыра моншақтан «бұр» жасау. Қапсырманы дұрыс бекіту. Бұйымдарды сымдағы шытыра моншақтан өру;

техникалық мәліметтер және жұмыс тәсілдері. Шытыра моншақпен, инемен, қайшымен жұмыстағы қауіпсіздік ережелері. Әрбір әрекетті орындау дәйектілігі. Өру жұмысын бастау мен аяқтау, жіпті бекіту ережелері. Материалды түстік тұрғыда таңдау ережесі. Күрделі пішін және сызба бойынша өру ережелері. Екі, үш түсті шытыра моншақтардың санын өзгерте отырып, бір жіпке тізу. Негізгі бөлікті және әрлеу элементтерін өруді орындау. Сымның

ұзындығын өлшеуді орындау, керекті мөлшерді секатрмен кесу. Шытыра моншақты сымға тізу, дайындаманы бұрау. Гүлді, оның күлтесін, түйінін өруді орындау. Бұйымды жинастыру;

3) 3 - кезең:

тәжірибе жұмыстары. Сымдағы шыны моншақты өру. Екі жіптегі шытыра моншақты өру. Сымдағы шытыра моншақты өру. Екі жіптегі жұмысты орындау техникасын үйрету, бұйымды үлгі бойынша орындау. Жіптің ұшын ілгекпен бекіту. Күрделі бұйымдарды үлгі бойынша өру;

техникалық мәліметтер және жұмыс тәсілдері. Құралдармен және материалдармен жұмыстағы қауіпсіздік ережелері. Түстік үйлесімділік негізі. Екі жіппен өру ережесі. Жұмысты орындау дәйектілігінің сызбасымен танысу. Сызбаны пайдалана отырып, күрделі пішінді бұйымдарды өру ережесі. Пішіндері әр түрлі гүл күлтелерін, жапырақтарды, гүл сабағын өру.

25. Оқу пәнінің «Қалдық материалмен жұмыс» тақырыбы бойынша негізгі мазмұны:

1) 1 - кезең:

тәжірибе жұмыстары. Жұмыс орнын ұйымдастыру. Қалдық материалмен жұмысқа үйрету. Ағаш үгіндісінен жапсырмақұрақ жасау. Кәмпит қағаздарынан көлемді ойыншықтарды жасау. Сіріңке қораптарынан құрастыру;

техникалық мәліметтер және жұмыс тәсілдері. Материалдар және құралдар. Үшкір және өткір құралдармен жұмыстағы қауіпсіздік ережелері. Қалдық материалдар туралы түсініктер. Кәмпит қағаздарын негізге желімдеу процесі. Кәмпит қағазы материалының қасиеттері (түсі, көлемі құрылымы). «Мозаика» – геометриялық өрнекті қатырмақағазға орналастыру. Көлемді бұйымды жасау үшін кәмпит қағазын бүктеу техникасы. Кәмпит қағаздарын бір-бірімен біріктіру тәсілдері. Жапсырмақұрақты ағаш үгіндісінен орындау ережесі, ағаш үгіндісін жұмысқа дайындау (елеу, әр түрлі түстерге бояу). Ағаш үгіндісін негізге салу тәсілдері. Сіріңке қораптарынан құрастыру тәсілдері. Қораптардың сыртын қаптау және оларды біріктіру. Дайын құрылымды әшекейлеу (түсті қағаз, моншақтар, фломастер);

2) 2 - кезең:

тәжірибе жұмыстары. Сіріңке қораптарынан, киндер тосынсый сауыттарынан құрастыру. Салам мен ағаш үгіндісінен жапсырмақұрақ жасау;

техникалық мәліметтер және жұмыс тәсілдері. Материалдар және құралдар. Үшкір және өткір құралдармен жұмыстағы қауіпсіздік ережелері. Әр түрлі қалдық материалдардың сапасы мен мүмкіндігі, оларды өмірде және тұрмыста қолдану туралы мәліметтер. Материалды үнемдеп бөлу және пайдалану. Қораптардан құрастыру тәсілдеріне, қағазбен (қатырмақағазбен), сіріңке қораптарымен жұмыс тәсілдеріне үйрету. Дайын құрылымды сәндеу тәсілдері. Жапсырмақұрақты ағаш үгіндісі және қораптардан орындау тәртібі. Жапсырмақұрақты ағаш үгіндісі және қораптардан орындау дағдыларын жетілдіру. Ағаш үгіндісін жұмысқа дайындау (елеу, әр түрлі түстерге бояу);

3) 3 - кезең:

тәжірибе жұмыстары. Қалдық материалдардан ойыншықтар мен кәдесыйларды жасау;

техникалық мәліметтер және жұмыс тәсілдері. Материалдар және құралдар. Үшкір және өткір құралдармен жұмыстағы қауіпсіздік ережелері. Бізбен жұмыс ережесі. Әр түрлі қалдық материалдардың сапасы мен мүмкіндіктері, оларды өмірде, тұрмыста қолдану туралы мәліметтерді кеңейту. Бөліктерді (жүн жіптер, түрлі түсті қатырмақағаз, бау) пластик сауытқа желімдеу ережелері. Екі жақты скотчты пайдалану ережелері.

26. Оқу пәнінің «Ағашпен жұмыс» тақырыбы бойынша негізгі мазмұны:

1) 1 - кезең:

тәжірибе жұмыстары. Шектегіші бар құрылғыда (стуло) аралау. Геометриялық пішіндерді желімдеу. Үлгі бойынша дайындамалардан бұйымдар жасау. Бұйым бөліктерін арамен кесіп алу. Кесілген жерлерін құм қағазбен өңдеу. Ойыншықтардың бөліктерін басу және жаю жаттығуларын орындау. Шеге орнын белгілеу. Бұйымды желіммен біріктіру. Бұйымның сыртқы түрін көркемдеп сәндеу. Жасалатын бұйымдар: «Құрылыс материалдарының бөлшектері», «Пирамида», «Қуыршақтарға арналған жиһаз», қозғалмайтын ойыншықтар («Трактор», «Жүк машинасы»);

техникалық мәліметтер және жұмыс тәсілдері. Материалдар және құралдар. Үшкір және өткір құралдармен жұмыстағы қауіпсіздік ережелері. Жұмыс орнын ұйымдастыру. Ағаштан жасалған бұйымдардың түрі туралы қарапайым түсініктер. Ұзындық, ені, жуандығы туралы түсініктер. Бұйым бөліктерін қимаулы бойынша немесе мұғаліммен бірге сызғыш және шартты өлшемдермен белгілеу. Бөліктерді белгі бойынша ұсақ тісті арамен кесіп алу. Бұйымның қарапайым құрылымын жинастыру. Бұйымның сыртқы түрін көркемдеп әшекейлеу. Мұғалімнің көмегімен жасалған жұмыс туралы есеп беру;

2) 2 - кезең:

тәжірибе жұмыстары. Бітеу тесіктерді бұрғылау. Бұйымдарды шегелерді қолдана отырып жасау. Қозғалмалы ойыншықтарды үлгілеу. Бұйымдарды жасау үшін ағаш тақтай таңдау. Дайындамаларды белгілеу. Бұрғылау. Тақтай бетін тазарту. Тақтай бетін бояу. Дайындаманы сызғышпен немесе өлшеуішпен сантиметрде өлшеу. Бізбен жұмыс. Бұйымның қабырғаларын шегесіз және шегемен жинастыру. Жасалатын бұйымдар: «Қарындаш салғыш», «Тамақты кесуге арналған тақтайша», «Желкенді кеме», «Дидактикалық материалға арналған жәшік», «Құстарға арналған жемсалғыш», «Кеме», «Жеңіл автомобиль», «Сүт тасығыш», «Ұшақ»;

техникалық мәліметтер және жұмыс тәсілдері. Материалдар және құралдар. Үшкір және өткір құралдармен жұмыстағы қауіпсіздік ережелері. Аралаған, бұрғылаған жұмыс кезіндегі қауіпсіздік ережелері. Жұмыс орнын ұйымдастыру ережелері. Ағаштан жасалған бұйымдардың түрлері туралы түсініктерін кеңейту. Бұйымды бояуға арналған түс туралы қарапайым мәліметтер. Үлгі бойынша тапсырмада бағдарлау. «Ұзын», «қысқа», «түбі»

түсініктері. Сызғыштың немесе оның орнындағы өлшеуіштің қолданысы. Сызғыштағы сантиметрмен берілген масштаб туралы түсінік. Қарапайым түсініктер: сантиметр, миллиметр, метр. Тесік бұрғыланатын жерді шеге, қарындаш, балға көмегімен белгілеу тәсілдері. Үлгі параметрлерін дайындамаға көшіру ережелері. Бұрғымен бұрғылау технологиясы. Бұрғылардың шамалары. Арамен, бұрғымен, балғамен жұмыстағы қауіпсіздік ережелері;

3) 3 - кезең:

тәжірибе жұмыстары. ағаштан тұрмысқа арналған бұйымдарды, кәдесыйларды жасау. Тұрмыстық бұйымдар: «Ыстық заттың астына салғыш» (жіңішке тақтайшалардан), «Ыстық заттың астына салғыш» (тақтайдан), «Гүлдің астына қойғыш», «Нан салғыш». Сәндік кәдесыйлар: «1-терезе», «2-терезе»;

техникалық мәліметтер және жұмыс тәсілдері. Материалдар және құралдар. Үшкір және өткір құралдармен жұмыстағы қауіпсіздік ережелері. Аралаған, бұрғылаған жұмыс кезіндегі қауіпсіздік ережелері. Жұмыс орнын ұйымдастыру ережелері. Белгі бойынша аралау тәсілдері. Егеу, құмқағазбен жұмыс ережелері. Тақтайларды тесіп өте бұрғылау тәсілдері. Жоңғыш құралдармен жұмыс тәсілдері. Бұйымды желіммен, қармақ баумен, бұрандалы шегемен жинау тәсілдері. Бұйымды көркемдеп әшекейлеу тәсілдері.

27. Оқу пәнінің «Табиғи материалдармен жұмыс» тақырыбы бойынша негізгі мазмұны:

1) 1 - кезең:

тәжірибе жұмыстары. Мектеп территориясына, саябаққа экскурсия. Табиғи материалдармен танысу. Табиғи материалдарды дайындау. Табиғи материалдарынан өрнек құрастыру. Табиғи материалдарынан жапсырмақұрақ құрастыру. Бұйымдар: «Құмырадағы гүлдер», «Шөже», «Панда», «Саңырауқұлақ», «Көбелек», «Моншақтар» (қауынның дәндерінен);

техникалық мәліметтер және жұмыс тәсілдері. Материалдар және құралдар. Табиғи материалдардың қасиеттері мен қолданысы. Үшкір және өткір құралдармен жұмыстағы қауіпсіздік ережелері. Жұмыс орнын ұйымдастыру ережелері. Әр түрлі жарма мен тұқымды дайын сурет бойынша салу тәсілдері (тікелей салу және себу). Суреттің нобайын, нобайдың шегін сақтау ережелері. жұмыс тәсілдері: белгілеу, өлшеу, бұту, кесу, желімдеу, біріктіру;

2) 2 - кезең:

тәжірибе жұмыстары. Жарма мен тұқымнан паннолар және кәдесыйларды жасау. Бұйымдарды сәндеу. Бұйымдар: «Саңырауқұлақ» панносы, «Көбелек» панносы, «Үй» панносы, «Ағаш» кәдесыйы (үрмебұршақтан), «Кофе ағашы» кәдесыйы;

техникалық мәліметтер және жұмыс тәсілдері. Материалдар және құралдар. Табиғи материалдардың қасиеттері мен қолданысы. Үшкір және өткір құралдармен жұмыстағы қауіпсіздік ережелері. Жұмыс орнын ұйымдастыру ережелері. Құралдармен және жабдықтармен жұмыс ережелері.

Табиғи материалдарды негізгі салған кезде қимаулігерді пайдалану. Суретке желімнің әр түрлі түрлерін жағу тәсілдері. Бұйымды қосымша материалдарды пайдалану арқылы сәндеу тәсілдері.

28. Бүрлермен жұмыс:

1) 1 - кезең:

тәжірибе жұмыстары. Табиғатқа экскурсия. Материалмен таныстық. Бүр қабыршықтарынан жапсырмақұрақ жасау. Бұйымдар: «Алтын балық», «Кірпі», «Әтеш», «Түлкі»;

техникалық мәліметтер және жұмыс тәсілдері. Материалдар және құралдар. Табиғи материалдардың қасиеттері мен қолданысы. Үшкір және өткір құралдармен жұмыстағы қауіпсіздік ережелері. Жұмыс орнын ұйымдастыру ережелері. Құралдармен және жабдықтармен жұмыс ережелері. Қажетті табиғи материалды (бүрді) пішінін, шамасын, сыртқы түрін есепке ала отырып таңдау. Бүрдің қабыршақтарын дайындау ережелері және тәсілдері. Бүрден жасалған бұйымдарды әшекейлеу тәсілдері;

2) 2 - кезең:

тәжірибе жұмыстары. Бүрлерден жаңа жылдық кәдесыйларды жасау. Бұйымдар: «Жаңа жылдық тізбек», «Бүрлерден жасалған тапиарий», «Шырша шары», «Шырша»;

техникалық мәліметтер және жұмыс тәсілдері. Материалдар және құралдар. Табиғи материалдардың қасиеттері мен қолданысы. Үшкір және өткір құралдармен жұмыстағы қауіпсіздік ережелері. Жұмыс орнын ұйымдастыру ережелері. Құралдармен және жабдықтармен жұмыс ережелері. Бұйымдарды тұрмыста қолдану тәсілдері. Көлемді пішіндермен (шар, конус) жұмыс тәсілдері. Бұйымды қосымша материалдарды пайдалану арқылы сәндеу тәсілдері.

29. Қабықпен жұмыс:

1) 1 - кезең:

тәжірибе жұмыстары. Материалмен танысу. Қабықты бояу. Бөлшектеу. Жолақта геометриялық өрнек құрастыру. Панно дайындау. Жолақта бір элементті (геометриялық) композиция құрастыру, жолақта екі элементті композиция құрастыру, паннолар («Гүл», «Көбелек», «Күн», «Арыстанның күшігі»);

техникалық мәліметтер және жұмыс тәсілдері. Материалдар және құралдар. Табиғи материалдардың қасиеттері мен қолданысы. Үшкір және өткір құралдармен (қысқыш, тістазартқыш, қайшы, оқтау) жұмыстағы қауіпсіздік ережелері. Жұмыс орнын ұйымдастыру ережелері. Материал атауы – жұмыртқаның қабығы. Қабықтың қасиеттерімен танысу. Материалды жұмысқа дайындау. Материалды сақтау талаптары. Бояу тәсілдері, бүтін қабықтан бөліктерді сындырып алу. Материалды сурет бойынша салу (тікелей салу немесе жапсырмақұрақ) тәсілдері;

2) 2 - кезең:

тәжірибе жұмыстары. Тұрмыстық сәндік бұйымдарды, кәдесыйларды жасау. Бұйымдар: сәндік тәрелке «Гүл», қобдишаны сәндеуге арналған «Көбелек» мозаикасы, мозаикамен және декупажбен безендірілген гүлсауыт, мозаикадан жасалған оюы бар ваза;

техникалық мәліметтер және жұмыс тәсілдері. Материалдар және құралдар. Табиғи материалдардың қасиеттері мен қолданысы. Үшкір және өткір құралдармен жұмыстағы қауіпсіздік ережелері. Жұмыс орнын ұйымдастыру ережелері. Суреттің қимаулығымен жұмыс тәсілдері. Желімді қолдану. Қабықты иілген пішінге салу. Бұйымды қосымша материалдарды пайдалану арқылы сәндеу тәсілдері.

30. Оқу пәнінің «Сазбен және тұзды қамырмен жұмыс» тақырыбы бойынша негізгі мазмұны:

1) 1 – кезең. Сазбен жұмыс:

тәжірибе жұмыстары. Жазық пішіндер: текстурасы әр түрлі тікбұрышты, дөңгелек, сопақша пішінді сәндік тілімдер; тырнап салынған суреті бар сәндік тілімдер; бедерді сәндік тілімдер. Кішкентай кәдесыйларды илеп жасау. Шардың негізінде көлемді кәдесыйларды илеп жасау. Сәндік панно, қарындаш салғыш, шамдалды, ойыншықтар, пішіні әр түрлі моншақтар;

техникалық мәліметтер және жұмыс тәсілдері. Табиғи сазбаен жұмыста санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау. Жұмыс орнын ұйымдастыру және қауіпсіздік ережелерін сақтау. Материалдар және құралдар. Табиғи саздың қасиеттері (түсі, ылғал тартқыштығы, созылымдылығы). Құралдардың (жайпақ қырнауыш, домалақ қырнауыш, оқтау, қимаулығы) қолданысы туралы түсінік. Әр түрлі құрылғылардан фактура құрастыру. Жазық және көлемді геометриялық пішіндер (куб- шаршы, шар- дөңгелек, эллипс- сопақша, цилиндр). Гуашьпен жұмыс ережелері. Ойыншықты жасау дәйектілігі. Ойыншық бөліктері. Тегістеу. Акварель, гуашь бояулары. «Түткіштерді» дайындау;

2) 2 - кезең:

тәжірибе жұмыстары. Бедерлі тілім жасау. Конус негізінде көлемді пішіндерді жасау. Халық ойыншықтарының әуені бойынша құрамдастыру тәсілімен көлемді ойыншықтарды жасау. Сәндік тілімдер, конус, негізіндегі ойыншықтар; халық ойыншықтары;

техникалық мәліметтер және жұмыс тәсілдері. Сазды жұмсартудың негізгі тәсілдері. Сазды «шикідей» сәндік әрлеу тәсілдері (жабыстыру, тырналау). Әр түрлі фактураларды (қолда бар құралдарды, матаны, құрылғыларды) пайдалану. Саусақтық ою. Әр түрлі құралдарды (оқтау, қимаулығы, пішіндер) пайдалану арқылы илеп жасау тәсілдері. Бөліктерді созу тәсілі. Ойыншықты жасау дәйектілігі. Бөліктердің көлемін салыстыру (не үлкен, не кіші). Саздан жасалған бұйымдарды кептіру процесі. Кебу деңгейлері. Кебу деңгейіне қарай саздың қасиетінің өзгеруі. Әшекейлеуді шеңбер, жолақ өрнектермен орындау;

3) 3 - кезең:

тәжірибе жұмыстары. Саздан Филимонов ойыншығын жасау. Карагопол ойыншығын жасау. Дымков ойыншығын жасау. Заманауи қазақ кәдесыйларын жасау;

техникалық мәліметтер және жұмыс тәсілдері. Кәсіптің пайда болуы туралы мәліметтер. Сюжеттер және композициялық ерекшеліктері. Ойыншықты жасау дәйектілігі. Әшекейлеудің ерекшеліктері мен негізгі элементтері. Муфель пеші, оның қолданысы. Күйдіру процесі. Муфель пешімен жұмыстағы қауіпсіздік ережелері. Пешке салу мен шығару дәйектілігі. Күйдіру температурасы мен уақыты. Күйдірілген саздың қасиеттері. Қазақтың ұлттық оюлары.

31. Тұзды қамырмен жұмыс:

1) 1 – кезең тәжірибе жұмыстары. Материалмен танысу. Тапсырмасыз илеу жұмыстарын орындау – жұмсарту, үзу, біріктіру. Пішін құрайтын алғашқы қимылға: жаюға үйрену. Қарапайым заттарды (таяқша, шұжық, доп, құймақ, шелпек) илеп жасау;

техникалық мәліметтер және жұмыс тәсілдері. Материалдар және құралдар. Үшкір және өткір құралдармен жұмыстағы қауіпсіздік ережелері. Жұмыс орнын ұйымдастыру ережелері. Қамырмен жұмыс ережелері. Қамырдың қасиеттерімен танысу. Қамырмен жұмыс ережелері. Қамырды дайындау, құрамының пропорциясын, сақтау талабын, жұмысқа дайындау ережелерін сақтау. Қамырды жұмысқа дайындау тәсілі: жұмсарту. Үлкен кесектен үлгіге сәйкес әр түрлі кесектерді үзіп алу. Көлемі әр түрлі шариктерді домалатып жасау. Шариктерді текше қылып жалпайту. Бұйымның пішіндері бойынша әр түрлі бөліктерін алу тәсілдері. Көлемдері әр түрлі шариктерді алақан ортасында және жазықтық бетінде домалату арқылы илеу техникасы. Қолда бар құралдарды, пішіндерді, қимаулігерді пайдалану. Бояудың қарапайым ережелері. Бұйымды, оның бөліктерін, белгілерін, қасиеттерін атау, көлемін салыстыру. Құрылымдық тәсілмен илеп жасау тәсілі (бөліктерден бүтінге). Бөліктерді су және қылқалам көмегімен біріктіру;

2) 2 - кезең:

тәжірибе жұмыстары. Тұзды қамырдан бұйымдарды, панно, бижутерия, сурет, әр түрлі пішінді моншақтарды жасау;

техникалық мәліметтер және жұмыс тәсілдері. Материалдар және құралдар. Үшкір және өткір құралдармен жұмыстағы қауіпсіздік ережелері. Жұмыс орнын ұйымдастыру ережелері. Қамырмен жұмыс ережелері. Бұйымдардың, оның бөліктерінің атуы, белгілері. Бөліктерді судың және қылқаламның көмегімен біріктіру. Пішіні бойынша әр түрлі бұйымдарды жасағанда жұмыс тәсілдері мен құралдарды таңдау. Бұйымның пішіні бойынша әр түрлі бөліктерін (бұрау, тілім, шарик) жаю және өру, жалпайту. Пішіндерді қимаулігі бойынша кесіп алу. Оқтаумен жаю. Сопакшаны әр түрлі көлемде: үлкенірек, кішірек, жіңішкерек есу. Екі бұрауды ширату тәсілі (иіру тәсілі). Бұйым бөліктерін тесу, бедер салу, бояу, оларды негізге жабыстыру. Біріктіру түрлері. Сәндік элементтерді жасау үшін әр түрлі заттарды пайдалану;

3) 3 - кезең:

тәжірибе жұмыстары. Тұзды қамырдан илеп жасалатын бұйымдар: ертегі кейіпкерлері, өсімдіктер, кәдесыйлар, панно, суреттер, тоңазытқышқа арналған магниттер;

техникалық мәліметтер және жұмыс тәсілдері. Материалдар және құралдар. Үшкір және өткір құралдармен жұмыстағы қауіпсіздік ережелері. Жұмыс орнын ұйымдастыру ережелері. Қамырмен жұмыс ережелері. Қамырды үстел үстінде қолдың және оқтаудың көмегімен жаю. Бөліктерді су және қылқалам көмегімен біріктіру. Композиция құрастыру. Пішіндер мен қимаулігілерді пайдалану тәсілдері. Жануарлар пішіні туралы қарапайым түсініктер. Қарапайым композициялар құрастыру. Жұмысты мұғалімнің жасау тәсілдерін көрсете отырып берген сөздік нұсқауы бойынша амалдармен орындау тәртібі. Бұйымды екі кезеңмен орындау техникасы. Бұйымды, оның бөліктерінің атауларын айту, бөліктерінің көлемін салыстыру. Илеу жұмысын жазықтықта орындау (бедер). Ұсақ жарықшақтарды тегістеу. Жиіктің үстіне сурет құрастыру үшін ұсақ заттарды пайдалану.

32. Оқу пәнінің «Тоқыма материалдармен жұмыс» тақырыбы бойынша негізгі мазмұны:

1) 1 – кезең. Изонить:

тәжірибе жұмыстары. Қатырмақағаздағы дайын тесіктер бойымен «ине алға» тәсілімен қол тігісімен кестелеу. Бұрыштарды толтыру. Қабырғалары ортақ бірнеше бұрыштарды толтыру. Панно, ашық хат, кітап арасына салығыш;

техникалық мәліметтер және жұмыс тәсілдері. Материалдар және құралдар, олардың атаулары, қолданысы, қауіпсіздік техникасы. Жұмыс орнын ұйымдастыру ережелері. «Ине алға» тәсілі. Қиғаш тігіс. Қатырмақағаздың беткі жағы мен астыңғы жағы. Бұрыш, бұрыштың төбесі, қабырғасы. Бұрыштың ортақ қабырғасы. Түстердің үйлесуі;

2) 2 - кезең:

тәжірибе жұмыстары. Шеңберді диаметрі бойынша толтыру. Шеңберді бір хорда бойынша толтыру. Бір хорда бойынша шеңберді кестелеу. Панно, ашық хат, кітап арасына салығыш;

техникалық мәліметтер және жұмыс тәсілдері. Жіп түрлері (кестелеуге, машинамен тігуге). Ирис жібі. Шеңбер және дөңгелек түсініктері (атауы, олардың айырмашылықтары). Тесіктерді санау, жіптің бағытын анықтау. Түстердің үйлесуі;

3) 3 - кезең:

тәжірибе жұмыстары. Шеңберді екі хорда бойынша толтыру. Шиыршықты толтыру. Панно, ашық хат, кітап арасына салығыш;

техникалық мәліметтер және жұмыс тәсілдері. Жіптерді түстеріне қарай үйлестіру. Тесіктерді санау, жіптің бағытын анықтау.

33. Құрақ құрау:

1) 1 - кезең:

тәжірибе жұмыстары. Қол тігісімен орындалатын «йо-йо» және «пицца» техникасында құрақ құрау; сан алуан түрлі панно, жұмсақ ойыншықтар жасау; техникалық мәліметтер және жұмыс тәсілдері. Материалдар мен құралдардың атауларын және олардың қолданыс түрі. Инемен және қайшымен жұмыстағы қауіпсіздік ережелері. Жұмыс орнын ұйымдастыру. Ине алға тігісі. Қол иненің құрылысы. Инені ұзындығы, жуандығы, көзінің мөлшері. Жұмыс жасауға қажетті қол инені таңдау. Тігін жіптері: жуандығы, мықтылығы. Жіптің жұмыс ұзындығын анықтау. Түйін түйо техникасы. Қайшының түрлері, қолданысы, құрылысы;

2) 2 - кезең:

тәжірибе жұмыстары. Бұйымдарды «пицца» және «түзу жолақты» құрау техникасы бойынша қол жетекті тігін машинасымен орындау. Қол жетекті тігін машинасымен сәндік панно, ыстық затты ұстағыш, жұмсақ ойыншықтар, жапсырмақұрағы бар панноны орындау;

техникалық мәліметтер және жұмыс тәсілдері. Тігін машинасының құрылысы (тұтқасы, табаны, сермері, табанды көтеру тетігі, жіп тартқыш, корпусы, ине). Қол жетекті тігін машинасымен жұмыстағы қауіпсіздік техникасы ережелері. Жоғарғы және төменгі жіпті салудың бірізділігі. Берілген бұйымдарды тігуге қажетті маталардың атуы, оларды жұмысқа дайындау (жуу, үтіктеу). Бұйымның беткі жағы мен астарын қабырға тігісімен біріктіру;

3) 3 - кезең:

әжірибе жұмыстары. Бұйымдарды құрақ құраудың кестелеу және шытыра моншақты өру элементтері бар «Көлденең жолақтар», «Крейзи» және «Пицца» техникасында орындау. Қазақтың құрақ көрпесін және әр түрлі құрақтармен құрақ панно, ыстық затты ұстағыш, шәйнекке кигізгіш, әр түрлі құрақ құрау техникасында орындалған сәндік жастық тыстарын жасау;

техникалық мәліметтер және жұмыс тәсілдері. Электр жетекті тігін машинасының құрылысы (тұтқасы, табаны, сермері, табанды көтеру тетігі, жіп тартқыш, корпусы, ине). Электр жетекті тігін машинасымен жұмыстағы қауіпсіздік техникасы ережелері. Жоғарғы және төменгі жіпті салудың бірізділігі. Берілген бұйымдарды тігуге қажетті маталардың атуы, оларды жұмысқа дайындау. Электр жетекті тігін машинасымен орындалатын қайып тігу, қабырға тігісі, өбістіріп тігу тігістері. Қиылған жердерді «жиектеу» тәсілімен өңдеу. Өлшеу құралдары: бұрыштама, сантиметр. Машинамен бекітпе тігіс техникасы. Ысырма бауды орнату тәсілдері.

34. Жұмсақ ойыншық:

1) 1 - кезең:

тәжірибе жұмыстары. Жазық ойыншықтарды қатырмақағаз бен поролоннан жасау. Жұмсақ ойыншықтарды шүберек «доптардан» жасау. Ілмектеу тігісімен қарапайым ойыншықтарды, инешанышқышты, жазық ойыншықтарды жасау;

техникалық мәліметтер және жұмыс тәсілдері. Материалдар мен құралдардың атауларын және олардың қолданыс түрі. Инемен және қайшымен

жұмыстағы қауіпсіздік ережелері. Жұмыс орнын ұйымдастыру. Ине алға тігісі. Қиғаш тігіс. Тігіс түсінігі. Тігістің ұзындығы. Ілмекті тігіс. Бұйымды жасау үшін қолданылатын материалдар, олардың атуы және қасиеттері;

2) 2 - кезең:

тәжірибе жұмыстары. Қол жетекті тігін машинамен қарапайым ойыншықтарды, инешанышқышты тігу;

техникалық мәліметтер және жұмыс тәсілдері. Тігін машинасының құрылысы (тұтқасы, табаны, сермері, табанды көтеру тетігі, жіп тартқыш, корпусы, ине). Қол жетекті тігін машинасымен жұмыстағы қауіпсіздік техникасы ережелері. Бұйымды жасау үшін қолданылатын материалдар, олардың атуы және қасиеттері;

3) 3 - кезең:

тәжірибе жұмыстары. Жұмсақ ойыншықтарды электр жетекті тігін машинамен тігу;

техникалық мәліметтер және жұмыс тәсілдері. Электр жетекті тігін машинасының құрылысы (тұтқасы, табаны, сермері, табанды көтеру тетігі, жіп тартқыш, корпусы, ине). Электр жетекті тігін машинасымен жұмыстағы қауіпсіздік техникасы ережелері. Машинаны сәндік тігіске аудару, сәндік тігістерді реттегіш. Машинаның «зиг-заг» тігісі.

35. Маталық жапсырма құрақ:

1) 1 - кезең:

тәжірибе жұмыстары. Жапсырмақұрақты «ине алға» қол тігісімен орындау. Екі тесікті түймелермен жұмыс, жапсырмақұрақтар пайдаланылатын панно және ашық хат, түймелері бар панно және ашық хат, ыстық заттың астына салғыш;

техникалық мәліметтер және жұмыс тәсілдері. Матаның беткі жағы мен астары. Электр үтік, қолданысы, тарихы, үтікпен жұмыстағы қауіпсіздік ережелері. Ине алға тігісі. Көктеу, жөрмеу тігісі. Үтіктің бөліктері. Түймелер, олардың қолданысы;

2) 2 - кезең:

тәжірибе жұмыстары. Қол жетекті тігін машинасымен белгіленген сызық бойымен түзу тігіс орындау. Төрт тесікті түймелермен жұмыс, диван жастықтары, ыстық затты ұстағыш, тұтастай пішілген жапсырмақұрағы бар алжапқыш, шәйнек жапқыш, қазақ оюынан жасалған жапсырмақұрағы бар көрпе, ұлтық үлгідегі сөмке (қалта), ұлттық үлгідегі ыстық заттың астына қойғыш, түймелері бар сәндік панно;

техникалық мәліметтер және жұмыс тәсілдері. Матаның беткі жағы мен астары. Табиғи маталардың (мақта мата, зығыр мата, жүн, жібек) шығу тегі және қасиеттері. Түймелерді сәндік қадау (атқарымдық емес);

3) 3 - кезең:

тәжірибе жұмыстары. Жапсырмақұрақтарды «зиг-заг» тігісімен орындау. Ортасы тесілмеген дөңес түймелермен жұмыс. Бұйымдар: ыстық затты

ұстағыш, шәйнекке кигізгіш, ыстық заттың астына салғыш, әр түрлі жапсырмақұрақтары бар тұтас пішілген алжапқыш;

техникалық мәліметтер және жұмыс тәсілдері. Қазақ оюларының атаулары және символдық мағыналары. Тұрмыстық қолданыстағы бұйымдарды әшекейлеуге қазақ ойларын пайдалану. Оюды жасау үшін қолданылатын матаның қасиеттері. Бұйымды әр түрлі материалдармен (шытыра моншақ, пайетка, бау және таспа) көркемдеп әшекейлеу. Машинаның «зиг-заг» тігісі.

36. «Кәсіп» оқу пәні бойынша оқу материалы білім алушының дербестігін біртіндеп арттыруға бағытталған белгілі бір жүйе бойынша орналасқан. Мұғалім уақытты жаңа танымдық мәліметтерді хабарлауға немесе оларды қайталауға, жаттығуға, дербес тәжірибе жұмысына, сабақтың нақты мақсатына сәйкес бөлуге тиісті.

37. Мұғалім күнтізбелік жоспарды сынып білім алушыларының мүмкіндіктерін, қажетті материалдардың барлығын есепке ала отырып құруға міндетті. Осыған байланысты мұғалімнің жоспарындағы тақырыптарды өту тәртібі Бағдарлама ұсынған тәртіптен ерекшеленеді. Жұмыс нысандары ауыстырылады, алайда мұғалім орындарын ауыстырғанда еңбек түрін және жеке нысандарды орындау деңгейін есепке алуға міндетті.

38. Бағдарламаның мазмұны оқыту бөлімдері бойынша ұйымдастырылған. Әрбір бөлімшенің ішінде бірізділікті сақтай отырып құрастырылған оқу мақсаттары мұғалімдерге өз жұмысын жоспарлауға және білім алушылардың жетістіктерін бағалауға, сонымен қатар оларға оқудың келесі кезеңдерінен хабардар болуға мүмкіндік береді.

39. Бағдарламаға кіретін негізгі бөлімдер:

- 1) «Жалпы еңбектік икемділіктер мен дағдылар»;
- 2) «Техникалық мәліметтер және жұмыс тәсілдері»;
- 3) «Еңбек заттарын талдау және бағалау».

40. «Жалпы еңбектік икемділіктер мен дағдылар» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) еңбек заттары туралы жалпы мәліметтер;
- 2) тәжірибе жұмыстары.

41. «Техникалық мәліметтер және жұмыс тәсілдері» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) қағаз және қатырмақағазбен жұмыс;
- 2) моншақ және шытыра моншақпен жұмыс;
- 3) қалдық материалмен жұмыс;
- 4) ағашпен жұмыс;
- 5) табиғи материалмен жұмыс;
- 6) сазбен және тұзды қамырмен жұмыс;
- 7) тоқыма материалдармен жұмыс.

42. «Еңбек заттарын талдау және бағалау» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) еңбек заттарын талдау;

2) еңбек заттарын бағалау.

43. Мұғалім көркем еңбек түрлеріне білім беру ұйымының мүмкіндіктері және жергілікті салт-дәстүрге сәйкес түрлерді де қоса алады.

4 - тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

44. Бағдарламада оқу мақсаттары кодтық белгімен берілген. Кодтық белгідегі бірінші сан сынып, екінші сан бөлімді, үшінші сан бөлімшені, төртінші сан оқу мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 6.2.1.4: кодындағы «6» – сынып, «2.1» – бөлімше, «4» – оқу мақсатының реттік нөмірі.

45. Оқу мақсаттарының жүйесі:

1) «Жалпыеңбектік икемділіктер мен дағдылар»:

1-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары		
	1-кезең	2-кезең	3-кезең
